

## Рецензия

### СЕЗІМ СӘУЛЕСІ

**Б. Бодаубаев. Май жаңбыры. «Жалын» баспасы. 1986 ж.**

Көркем шығармаға қойылар көп талаптың бірі ол, ең алдымен, оқылуы керек. Оқылу деген кең мағыналы сөздің бір ғана қарапайым қағидасы – шығарма тілінің сынаптай сырғып, сылдырап ағып тұруы. Тілге тұтқыр, көзге бұдыр туындының жүрекке бірден жылы тиюі екі талай. «Бірден» дейтініміз: тұтқыр тіркес ойға бөгет, санаға салмақ түсіреді. Ой-санада он-сан кедергіден өткен дүние жүрекке де жүйке тоздырып жететіні ақиқат. Осы тұста бір еске алатын жағдай: көркем тіл дегеніміз – тек жанды сурет, бейнелі сөз, әдемі тіркес қана емес, ол – әуен, ол – ырғақ. Және ол – қарапайым ғана сөздердің бір-бірімен ымдасып, жымдасып, «тас бұлақтың суындай сылдырап аққан келісімі» де. Осы тұрғыдан алғанда, Болат Бодаубаевтың творчествосы қай қырымен көзге түседі десек, тіл таспасын нық ұстап, өрім сөзді өз қырымен, өз жігімен жатқызып, ішкі ырғақты іштей келісімге келтіріп отыратыны дер едік. Жазушының «Май жаңбыры» атты жаңа повестер жинағында да осындай жылы леп бар. «Өнер алды – қызыл тіл» екені рас, бірақ – қызыл сөз еместігі және рас. Көңілге қонымдысы сол – аталған жинақта мұндай әсірелі айшық, арзан жылтырақ жоқтың қасы. Қаламгер қара сөздің қасиетін оның қарапайымдылығы мен қалыпты ырғақ жүйесінен іздейтіні байқалады. Егер мұндағы кез-келген шығарма тілге жеңіл, ұғымға оңай көрінсе, бұл – автордың қиыннан қиыстыра алмағандығы емес, бояудың қалың қанықтығынан гөрі ойдың кіршенсіз анықтығына, оқуға жатық майда әуенге баса назар аударатынынан болса керек. Кейіпкерлердің кейбір сезім серпілістерінде бояуға да жан бітіп, табиғатпен бірге астасып, бедерлене, бейнелене түсетін кезі де жиі кездеседі. Мәселен, «Май жаңбыры» повесіндегі студент Бақыттың облыстық газетте өндірістік практикасын сәтті аяқтап, редакциядан көңілі алып-ұшып шыққан мезетте мынадай сурет көрер едік... *«Мен сыртқа шыққанымда күн нұрына шомылған айнала төңірек жеңіл ғана мұнартып тұр екен: жаңа ғана жаңбыр жауып өткен еді; ізінше жарқ етіп күн шыққан: енді аяқ астындағы асфальттан да, көше бойлай отырғызылған ағаштардан да, тіпті зымырап кетіп бара жатқан троллейбустың қаңылтыр төбесінен де буалдыр бу ұшқындайды; жер-дүние көктемгі шуақ сәулеге бойы балқып, бусанып терлеп жатқандай»...* Әдемілігі сол – қарапайым, табиғи. Бірақ жүрекке жып-жылы әсер етеді. Осы шағын үзіндіден сайдың тасындай жұмырлық, сезім пернесін қытықтар нәзік нақыш, ап-анық сурет байқайсыз. Теңіздің дәмі тамшыдан білінер болса, тұтастай алғанда, «Май жаңбырындағы» тілдік көріністі бұл үзіндіден де сезіп-аңғаруға болатын секілді.

Пікір басын бірден жинақ тілінен бастау себебіміз – Б. Бодаубаевтың шығармашылық тілін көркем шығарманың эталоны етіп ұсыну емес, жазушының өзіне тән қолтаңбасын анықтау, сол қолтаңбаның оқшау қырын көрсету. Оқшау дегенде мынаны айтқан жөн. Асылы, кез-келген көркем туынды қай жағынан көзге бөлек көрінсе, оны алдымен сол жағынан таразылау ләзім. Ойымызды осы төңіректен өрбітсек. «Май жаңбырынан» және бір байқағанымыз автордың әңгімешілдігі, оқиға желісін майда қоңыр сарынмен, көпшілікке ұғымды да жұғымды тілмен баптап өріп, байсалды жеткізе білетіні. Әңгімелеудің түбі – баяндау. Баяндау да әдеби тәсіл. Төрт повестен тұратын жинақтағы «Желсіз түнде жарық ай», «Ескі дәптер шерткен сыр» шығармалары осындай тәсілмен жазылған. Бұларда автор оқиға сарынын қарадүрсін айтып беруден аулақ, мүмкіндігінше оны әдеби тілмен кестелеп, кейіпкерлерді мінез, характер жағынан даралап отыруға тырысады. Бұл, әсіресе, жеке-жеке новелладан тұратын, деректі повесть сипатындағы «Ескі дәптер шерткен сырдан» анық көрінеді. Осы повестің мазмұндық, тақырыптық болмысына да жете үңілу жөн сияқты. Өйткені совет үкіметінің алғашқы жылдарындағы аумалы-төкпелі қилы кезең – әдебиетімізге қанша жазылса да таусылмайтын тақырып қой. Дей тұрғанмен соңғы жылдары бұл тақырыптағы шығармалардың біршама азайып қалғаны рас. Бұның бір себебі, ол кезеңді көзбен көріп, талай-талай қысылшаң шақты бастан кешкен қарт қаламгерлердің уақыт өткен сайын селдіреп, сирей бастауынан ба дейміз. Бірақ бір заманның шежіресін оны көрген ұрпақ қана жасамайтынын ескерсек, бүгінгі нұрлы болашақ үшін көктемей жатып қиылып кеткен, бүрлемей тұрып үзіліп түскен әр боздақтың басына көркем сөзден ескерткіш қою – қай қаламгерге де артық етпес еді. Түптеп келгенде, оның негізі – азаматтық. «Ескі дәптер шерткен сырды» біз, әсіресе, осы күнгейінен бағалар едік. Повесть тақырыптық-идеялық жағынан сабақтас үш новелладан тұрады. Үшеуі де бұрынғы партия-совет қызметкері, қазіргі құрметті демалыстағы қарт Өміртай Мустиннің ескі дәптері бойынша сыр шертіп, сюжет құрған екен. Бұл дәптердегі қилы-қилы оқиғаларды автор көркемдік тұрғыдан жинақтап, көне материалдарды қайта жаңғыртып, оқырманға жанды өмір, тірі тұлғалар ұсынған. Кейіпкерлері өз заманына орай сенімді сөйлеп, нанымды әрекет жасайды. Олардың жаңа өмір жолындағы жанкешті күресі, тап жауларымен тартыста небір тайғақ кешуі, ақыр соңында қапыда қақпанға түсіп, аянышты мерт болуы... шынайы штрихтармен көркем көрініс тапқан. Қаламгер айтар ойдың – идеяның жетегімен қолдан қаһарман жасаудан аулақ. Мәселен, «Күлжәміш» новелласындағы «сауатсыздықты жою мектебінде оқитын, бай-молдаларды келемеждейтін спектакльге қатысып, әдемі дауыспен ән салатын жас келіншек» Күлжәміш. «Шегебай мен Алдабергендегі» ауылдық кеңестің төр ағасы Сырлыбаев Шегебай мен ауылдық кеңестің хатшысы Қамбаров Алдаберген. «Жамалдағы» ауылдық советтің председателі Жамал сырт көзге белсенді, еті тірі көрінгенмен әккі жаудың арам пиғылын күн ілгері сезіп, сақтана білмейтін албырт мінезді жастар. Сол албырт, аңғалдықтың салдарынан ақыры олар дұшпан құрған торға түседі... Шындығында, туған

әдебиетіміз мұндай кейіпкерлерге таңсық емес, аталған повестің маңыздылығы сонда – ондағы оқиғалардың деректі, нақты материалдарға негізделуінде. Өмірде болған, аты-жөндері белгілі боздақтардың тағылымды тағдырын өнер туындысына өзек ету – әрі адамгершілік, әрі азаматтық іс. Сондай-ақ, қаламгер қауым осы шығармаға тірі фактілер ұсынған Өміртай Мустин сияқты көпті көрген көнекөздерді қазір сөйлете білмесе, кейін кеш қалуы әбден мүмкін.

«Шақырады жол алдан», «Май жаңбыры», «Желсіз түнде жарық ай» повестері бүгінгі жастар өмірінен сыр қозғайды. Кейіпкерлері – жоғары класс оқушылары, студент жастар. Автор жас қаһармандарының бойына адалдық арманшылдық, бір-бірін шын сүйе білуі сияқты адамға тән асыл қасиеттер жинақтайды. «Шақырады жол алдан», «Май жаңбыры» атты повесть-диптихтың басты кейіпкері Бақыт осындай тұлға. Ол кішкентайынан өзінің ішкі-сыртқы болмысын өз күшімен шыңдаған, оқумен қатар еңбекке де ерте араласып, өмірдің ыстық-суығын бірдей көрген жігіт. Ең ұнамдысы – Бақыт маңайындағы адамдардың артық-кемшілігін көріп, бірінен үйреніп, біріне жирене жүрумен қатар өз бойындағы кемшіліктерді де дер кезінде сезе біледі. Сезіп қоймай оған қарсы күреседі де. Осындай азамат ретінде қалыптасқан оны шығарма соңында пісіп-жетіле түскен талантты журналист, алды-артын аңғара білетін саналы, салмақты жас түрінде көреміз. Облыстағы белді де беделді басшының қызы – Майрамен көңілі жарасқанмен түбінде өмірі жарасып кетпесін сезген ол оған деген сезімін суытуға тырысады. Өйткені, Бақыт бұл сезімнің алдамшы, май жаңбырындай бір-ақ сәткі өткінші екеніне көзі жеткен еді. Шығармада бұған жетерлік мотивировка бар.

Осыған ұқсас жай «Желсіз түнде жарық айда» студент Батталханның да басынан өтеді. Ол санаторийде дәрігер боп істейтін Әсемкүл деген жас келіншекпен аз күн бірге болып, оны іштей ұнатып қалады. Алайда... Әсемкүлдің тағдыры қиын екен. Ол институтта оқып жүрген кезінде ауылдағы бухгалтер күйеуі әлдебіреумен көңіл қосып, кейін мойнына ақша міндіріп, жас келіншектің жанын қатты жаралаған көрінеді. Әсемкүл бұл сырды жылап отырып айтқанда, Батталханның да жүрегі езіліп, шайқалған шаңырақтың болашағын ойлайды, жас жұбайлардың қайта жарасқанын тілейді. Адамдық қасиетті ардақтау деген осы емес пе. Бұл повесть жазылу мәнерімен де мұндағы сәтті шығармалардың бірі деуге болады.

Жинақта біз байқаған мынадай кемшіліктер де бар. Автор кейде шығарманың композициялық тұтастығын бұзып, негізгі желіге қатысы аздау мәселелерді тәптіштеп кетеді. Бұл, әсіресе, «Май жаңбыры» повесіне тән. Мұндағы редакциялық мәжілістер, газет жанры, журналист шеберлігі туралы әңгімелерді ықшамдап берген жөн еді. Тағы осы повестегі орынды-орынсыз лирикалық шегіністер (мәселен, студент кездегі кейбір ұсақ-түйек оқиғаларды еске алу) оқырман ойын жиі бөліп, шығарма әсерін әлсіретіп алады. Сөз соңында және мынаны ескергіміз келеді. Көркем шығарма тілінің қарапайым болғаны жақсы, бірақ тым қарапайым жазам деп, қарадүрсіндікке жол беріп алмаған абзал. Жинақта оқта-текте осындай оралымсыздық та ұшырасып қалады.

Тұтастай алғанда, «Май жаңбыры» өз оқырманын табатын, тағылымдық, тәрбиелік мәні бар жинақтардың бірі.